



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№46 - 47 (836 - 837)

8 - 23 желтоқсан 2025 ЖЫЛ



● Әкімдік отырысы

САРАЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР БАСТЫ НАЗАРДА



Аудан Серікбосынұлының төрағалығымен әкімдік отырысы өткізілді. Жиынға әкімдік мүшелері, аппарат қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары қатысты.

Күн тәртібінде екі баяндама және үш ақпарат қаралды.

Аудан әкімінің орынбасары Қазыбек Жаңғалиев Төлегенұлы аудан аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарының бүгінгі жағдайы және жыл соңына дейін аяқталуы туралы баяндама жасады. Аудан басшы-

сы бірқатар нысандарға тұрақты бақылау жүргізуді, сондай-ақ аяқталған жұмыстар бойынша құжаттардың талапқа сай және уақытылы рәсімделуін қамтамасыз етуді тапсырды.

МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетудің жай-күйі және сақтандырылмаған азаматтар динамикасы туралы аудандық аурухананың бас дәрігерінің м.а. Алмагүл Балтақиева баяндама жасады. Осы бағыттағы жұмысты күшейту жөнінде ауылдық округ әкімдеріне және тиісті сала мамандарына нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, жиында ҚР Қарулы күштері қатарына азаматтарды шақыруды қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы, майор Дәурен Зурманов айтып өтсе, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Думан Нұрғалиев Абай ауданында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысын ортаға салды. Сонымен қоса ұлттық ауылшаруашылығы санағының өтуі және ауылдық округтердегі халықтың саны жайлы аудандық статистика бөлімінің басшысы Гүлжан Төттібекованың ақпараттары тыңдалды.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі қаралған мәселелер бойынша жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар жүктеп, олардың орындалуы бақылауында болатынын жеткізді.

Анар СӘРСЕНБИНА,
"Abai elі" газетінің жауапты хатшысы,
журналист

Сүйінші!



АЛТЫНБЕК - СУРДЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

Ақжолтай жаңалықты алғашында әлеуметтік желіден көріп, бәркімізді аспанға атқан жайымыз бар. Бұл қуанышымыз жайданжай емес-ті. Жүлдегер де, оның жаттықтырушысы да – өзіміздің қасиетті топырақтан түлеп ұшқан азаматтар.

Бүгінде спортсүйер қауымның төрт көзі түгел жапон астанасы – Токиоға түскені белгілі. Себебі онда төрт жылда бір мәрте өтетін «Сурдлимпиада – 2025» ойындары 15 қарашада басталып кеткен. Дүниежүзінің 81 мемлекетінен 3 мыңнан аса спортшы спорттың 21 түрінен жарыс жолына түсіп, мемлекетінің намысын қорғауда. Осы әлемдік байрақты бәсекеде абайлық бауырымыз Кәкітаев Алтынбек Серікұлы ел намысын абыроймен қорғап, қола жүлдені қанжығаға байлады.

Дарынды да қажырлы спортшымыз Алтынбек Серікұлының тарихи жеңісімен Абай елі атынан Кәкітаевтар әулетін, аяулы анасы Жаңыл ханымды, жеке бапкері Мақсат Маралбайұлын шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жеңіс -табанды еңбектің, ананың ақ батасы мен отбасының берекесінің жемісі.

Сондай-ақ, Алтынбек Кәкітаевтың жеке бапкері Мақсат Маралбайұлын да бүгінгі жарқын жеңісімен құттықтаймыз.«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» демекші, соңғы 11 жыл бойы шәкіртімен бірге тер төгіп, Алтынбектің биік белестерді бағындыруына бағыт-бағдар беріп, жүйелі жаттығу жасап келе жатқан бапкерінің еңбегі ерекше құрметке лайық. Мақсат Маралбайұлының мол тәжірибесі, спортшысына деген сенімі мен тынымсыз еңбегі бүгінгі үлкен жетістіктің негізі болды.

Алдағы уақытта да жаңа жеңістерге, биік межелерге жете берсін деп тілейміз!

«Абай елі» ақпараты

Марапат

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне орай «Алтын күз» атты салтанатты шара өтті. Семейдегі Абай атындағы кітапханада ұйымдастырылған «Алтын күз» салтанатты шарасы аясында өңірдің аграрлық саласында еңбек етіп жүрген үздік мамандар марапатталды. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің мерекесінде құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли аймақтың ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстарға, агросаланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында сөйлеген сөзінде «Жалпы, мемлекет пен бизнес ауылдағы барлық мәселені бірлесіп шешуі керек. Агроөнеркәсіппен айналысу үшін ауылға келген жас кәсіпкерлерді бағалаймын. Мемлекет те сіздердің еңбектеріңізді ұмыт қалдырмайды. Жауапкершілігі мол кәсіпкерлер мен инвесторлар ғана елдегі оң өзгерістердің нағыз көшбасшысы бола алады. Мемлекет сіздерге жан-жақты қолдау көрсетіп, лайықты бағалайды» деп айрықша атап өткен болатын.

Бұл жетістіктер – Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауы және Сіздердің маңдай теріңіздің, қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі. Ауыл еңбеккерлерінің күнделікті еңбегі облыс тұрғындарын сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, өңір экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда. Сіздерге шын жүректен алғысымды білдіре отырып, еңбектеріңізге

мол табыс, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік шара барысында ауыл шаруашылығында еңбегімен ерекшеленген жандарға мемлекеттік және салалық марапаттар тапсырылды. Ерекше атап өтерлігі, биыл алғаш рет ауыл шаруашылығы саласының озаттарына 10 автокөліктің кілті сыйға тартылды. Олар «Үздік шопан», «Үздік зоотехник», «Үздік механизатор», «Үздік комбайншы», «Үздік бақташы», «Үздік агроном», «Үздік диқаншы», «Үздік жас маман», «Үздік технолог», «Үздік тракторшы» сияқты номинациялар бойынша анықталды. Соның ішінде /

Абай ауданы бойынша «Үздік шопан» номинациясынмен «Дилара» шаруа қожалығының шопаны Ержан Мәлсов марапатталып, мерекеге орай автокөлікке ие болды. Сонымен қатар, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен «Құрмет» шаруа қожалығының жұмысшысы Тілек Әбдірайымов марапатталды.

«Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі «Құрмет» ш/қ жетекшісі Арайлым Байдүйсеноваға табысталды.

Облыс әкімінің Алғыс хаты аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Рая Тайшыбаеваға берілді.

Жиын соңында марапат иелеріне алғыс білдіріліп, ауыл шаруашылығы саласының дамуына қосқан зор үлесі атап өтілді.

Жібек АҚРАМ,
«Абай елі»



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС 30.12.2025 бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Абай облысында орналасқан Қызылқұдық кен орнында бағалы және түсті металдарды ашық әдіспен өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Әсер ету аймағы: Абай облысы, Абай ауданы, Саржал а.

Әсер ету координаттары: 49° 51' 49" СЕ, 78° 35' 01,5"ШБ.

Құжаттамаға тапсырыс беруші: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС, Курчатов қ., Курчатов к., ғимарат 18/1, info@agq.kz ; БСН 190540016328, тел. +7-775-233-77-66

Құжаттамасы әзірлеуші: «Minerals Operating» ЖШС, БСН 200140900031,

Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 4002, e-mail: krylov.d@moperating.kz

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында танысуға болады, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>

Жоба бойынша қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін тел. +7 777 491 40 02, e-mail: krylov.d@moperating.kz бойынша сұрауға болады.

Жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге және қоғамдық тыңдаулар өткізуге жауапты орган – «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Семей қ., Тұрлыханов к. 30,

e-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru , тел. 8 (7222) 35-44-32

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» объявляет, что с 30.12.2025 в течение 10 рабочих дней на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий операций по добыче драгоценных и цветных металлов месторождения Кызылқудук открытым способом, расположенного в области Абай».

Территория воздействия: область Абай, Абайский район, с. Саржал.

Координаты воздействия: 49° 51' 49" СШ, 78° 35' 01,5" ВД.

Заказчик документации: ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)», г. Курчатов, ул. Курчатова, здание 18/1, info@agq.kz ; БИН 190540016328, тел. +7-775-233-77-66

Разработчик документации: ТОО «Minerals Operating», БИН 200140900031,

г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, тел. +7 777 491 4002, e-mail: krylov.d@moperating.kz

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>

Дополнительную информацию по проекту, а также копии документов можно запросить по тел. +7 777 491 40 02, e-mail: krylov.d@moperating.kz

Орган, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации и проведении общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», г. Семей ул. Турлыханова 30, e-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru , тел. 8 (7222) 35-44-32.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Қазақстан)» ЖШС экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес «бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында Саржа кен орындарын кешенді экологиялық және радиациялық тексеруді» орындау туралы есеп бойынша қоғамдық талқылау әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 30.12.2025 ж. бастап <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында өтеді. Жоба материалдары Ұлттық банктің порталында 20 жұмыс күннің ішінде қолжетімді болады. Мүдделі жұртшылықты қоғамдық талқылауларға қатысуды сұраймыз.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Қазақстан)» ЖШС, БСН 190540016328. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, 18/1, «ядролық технологиялар паркі» қапн ғимараты, 118 кабинет. Тел.+7 775 233 77 66. E-mail: info@agq.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» в соответствии с требованиями Экологического законодательства объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (Национальный банк) по «Отчёту о выполнении комплексного экологического и радиационного обследования месторождения Саржа, расположенного на территории бывшего Семипалатинского испытательного ядерного полигона».

Публичные обсуждения будут проходить на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> с 30.12.2025 года. Проектные материалы будут доступны в течении 20 рабочих дней на портале Национального банка. Заинтересованную общественность просим принять участие в публичных обсуждениях.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)», БИН 190540016328. Адрес: Республика Казахстан, город Кур-

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН: 920540000504. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40-құрылыс. тел / факс: 8 (7212) 42-56-17. Қосымша ақпарат алуға болатын телефонның электрондық мекенжайы және нөмірі: info@ecoexpert.kz; 8 (7212) 42-56-17.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкіне сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Жергілікті атқарушы орган – Абай облысы бойынша Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. E-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru, пошталық мекенжайы- Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Тел.+7 7222 35 44 32.

чатов, ул. Курчатова, 18/1, здание КАПН «Парк ядерных технологий», кабинет 118. Тел. +7 775 233 77 66. E-mail: info@agq.kz.

Разработчик проектной документации – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН: 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40, 8 (7212) 42-56-17. Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: info@ecoexpert.kz; 8 (7212) 42-56-17.

Ссылка на Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Местный исполнительный орган – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по области Абай. E-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru. Почтовый адрес – Республика Казахстан, область Абай, город Семей, ул.Турлыханова, 30. Тел.+7 7222 35 44 32.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС 30.12.2025 бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Абай облысында орналасқан Үлкен Қарашоқы кен орнында бағалы және түсті металдарды ашық әдіспен өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Әсер ету аймағы: Абай облысы, Абай ауданы, Саржал а.

Әсер ету координаттары: 50° 00' 21.57" СЕ, 77° 55' 51.16" ШБ.

Құжаттамаға тапсырыс беруші: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС, Курчатов қ., Курчатов к., ғимарат 18/1, info@agq.kz ; БСН 190540016328, тел. +7-775-233-77-66

Құжаттамасы әзірлеуші: «Minerals Operating» ЖШС, БСН 200140900031,

Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 4002, e-mail: krylov.d@moperating.kz

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында танысуға болады, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>

Жоба бойынша қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін тел. +7 777 491 40 02, e-mail: krylov.d@moperating.kz бойынша сұрауға болады.

Жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге және қоғамдық тыңдаулар өткізуге жауапты орган – «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Семей қ., Тұрлыханов к. 30,

e-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru , тел. 8 (7222) 35-44-32

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» объявляет, что с 30.12.2025 в течение 10 рабочих дней на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий операций по добыче драгоценных и цветных металлов месторождения Улкен Карашоқы открытым способом, расположенного в области Абай».

Территория воздействия: область Абай, Абайский район, с. Саржал.

Координаты воздействия: 50° 00' 21.57" СШ, 77° 55' 51.16" ВД.

Заказчик документации: ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)», г. Курчатов, ул. Курчатова, здание 18/1, info@agq.kz ; БИН 190540016328, тел. +7-775-233-77-66

Разработчик документации: ТОО «Minerals Operating», БИН 200140900031,

г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, тел. +7 777 491 4002, e-mail: krylov.d@moperating.kz

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>

Дополнительную информацию по проекту, а также копии документов можно запросить по тел. +7 777 491 40 02, e-mail: krylov.d@moperating.kz

Орган, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации и проведении общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», г. Семей ул. Турлыханова 30, e-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru , тел. 8 (7222) 35-44-32.

● Сот

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫ ДАМУЫ»

Қазақстан Республикасында сот жүйесін жетілдіру – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі. Соңғы жылдары елімізде сот реформасының бірнеше кезеңдері жүзеге асырылып, соның ішінде кассациялық сот өндірісін дамытуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Кассациялық саты – құқыққолдану бірізділігін қамтамасыз ететін, төменгі соттардың шешімдеріндегі құқықтық қателіктерді түзейтін және азаматтардың әділдікке деген сенімін арттыратын маңызды буын.

Кассациялық соттың басты міндеті – тек қана құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын тексеру. Бұл инстанцияда дәлелдер мен фактілер қайта қаралмайды, тек құқықтық қате немесе процессуалдық бұзушылықтың бар-жоғы анықталады. Осы арқылы:

құқық нормаларының біркелкі қолданылуы қамтамасыз етіледі; сот тәжірибесіндегі алақұпалықтың алдын алынады; құқықтық даулардың объективті әрі заңды шешілуіне жағдай жасалады.

Сот құрылымында кассациялық сатының рөлін арттыру мақсатында оның құзыреттері нақтыланып, дауларды қарау тәртібі жеңілдетілді. Судьялардың кәсіби біліктілігін көтеру, мамандандыру бағытындағы жұмыстар күшейді.

Электрондық сот төрелігі жүйесі

кассациялық шағымдарды жолдауды, істерді қадағалауды жеңілдетті. «Төрелік» және басқа платформалар арқылы азаматтар процестің ашықтығын, жеделдігін сезінуде.

Кассациялық соттың объективтілігі – судьялардың кәсіби және этикалық деңгейіне тікелей байланысты. Осы мақсатта Әдеп кодексі мен жауапкершілік тетіктері күшейтіліп, судьялардың тәуелсіз шешім шығаруына жағдай жасалуда.

Озық мемлекеттердегі кассациялық соттардың тәжірибесі зерттеліп, ұлттық заңнамаға бейімделуде. Бұл соттың тиімділігін арттырып, әлемдік стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Кассациялық соттарды одан әрі дамыту – сот жүйесінің сапасын арттырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау деңгейін күшейтеді.

Қазақстан Республикасында кассациялық сот өндірісін дамыту – құқықтық жүйені жетілдірудің маңызды бағыты. Бұл сатының тиімді жұмыс істеуі азаматтардың сотқа деген сенімін арттырып, әділ сот төрелігінің нағыз кепіліне айналады. Кассациялық соттардың дамуы – құқық үстемдігінің нығаюына, мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірінің беки түсуіне қызмет етеді.

Абай аудандық соты